



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 10 сәуір

KASE және Мәскеу қор Биржасы стратегиялық ынтымақтастық орнату ниеті туралы келісімге қол қойды

"Қазақстан қор биржасы" (әрі қарай – KASE) және "Мәскеу Биржасы" БАҚ (әрі қарай – Мәскеу Биржасы) Мәскеуде өткен Биржалық форум аясында стратегиялық ынтымақтастық орнату ниеті туралы келісімге (әрі қарай – Келісім) қол қойды.

Бұл Келісім Бірыңғай Еуразиялық экономикалық кеңістікті дамыту және Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) мүшелері-қаржы нарығының мемлекеттерін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған.

KASE және Мәскеу Биржасы арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – қазақстандық және ресейлік сауда-саттыққа қатысушылары мен инвесторларына биржалық нарыққа кіруге өзара мүмкіндіктер беру болып табылады; инфрақұрылымдық ұйымды – Қазақстанның биржалық және биржадан тыс нарығында орталық контрагентін құруға қатысу; KASE нарығы үшін Мәскеу Биржасында сауда-клирингтік технологияларды ұсыну және биржалық сауда-саттық, клиринг, тәуекелді басқару және жаңа биржалық құралдарды құруға қатысты Мәскеу биржасына тәжірибе беру.

KASE және Мәскеу Биржасы арасындағы Келісім аясында биржалық нарықты реттеуді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастықты дамыту, клирингтік қызметті және орталық контрагенттің қызметін жетілдіру, сондай-ақ Ресей мен Қазақстанның қаржы нарығын реттеу қағидаларын жақындастыру болып табылады.

"Осы Келісімді жүзеге асыру Қазақстан қор биржасының биржалық нарықты дамыту, жаңа биржалық өнімдерді енгізу, инвесторлық базаны кеңейту бойынша стратегиялық міндеттерін шешуге ықпал ететін болады. Мәскеу Биржасы секілді стратегиялық серіктесті тарту Қазақстан қор биржасында қолданылатын технологияларды жандандыруға мүмкіндік береді әрі ЕАЭО аясында нарығымыздың әрі қарай біріктірілуіне әсер ететін болады", – деп атап өтті KASE Басқармасының Төрағасы Алина Алдамберген.

"Біздің серіктестік – сауда-саттық алаңдарымыздың тартымдылығын арттыруға, биржалық құралдардың өтімділігін жақсартуға арналған, ЕАЭО нарығының маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Біздің еліміздің инвесторлары жаңа құралдарға қол жеткізе алады және әртараптандыру мүмкіндігін кеңейтеді, ал эмитенттер – капиталдың жаңа көздеріне ие болады", – деп түсініктеме берді Мәскеу Биржасы Басқармасының Төрағасы Александр Афанасьев.

Келісім екі биржаның стратегиялық серіктестігін қалыптастыруды, сондай-ақ болашақта екі биржаның серіктестігін, яғни Мәскеу Биржасының KASE капиталына қатысуын көздеп отыр.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

"Мәскеу биржасы" БАҚ (MOEX) – Ресейдегі акциялармен, облигациялармен, туынды құралдармен, валютамен, қаржы нарығы құралдарымен және товарлармен сауда-саттықты басқаратын жалғыз биржалық алаң болып табылады. "Мәскеу биржасы" тобы 2011 жылдың желтоқсан айында екі негізгі ресей биржалық тобы – ММВБ тобы (1992 жылы құрылған) және РТС тобын (1995 жылы құрылған) біріктіру арқылы құрылды. Мәскеу биржасы 2013 жылдың 15 ақпанында жеке сауда-саттық алаңында IPO өткізді (MOEX сауда-саттық коды).

Мәскеу биржасы бағалы қағаздар көлемі бойынша ТМД биржалары арасында бірінші орында тұр.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz